

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің 2023-2024 оқу жылына арналған
циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ

«№2 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Топ: «Ботақан» ересек тобы

Педагогтің аты-жөні: Мамырбекова Марфуга Кыдырқожаевна

Ұйымдастырылған іс-әрекет: қазақ тілі

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ә, і, ң, ғ, ү, ұ, һ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, бетперделер
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	І, Ү, Қ әріптерінің ойыны: суреттерді атап, көлеңкесін табады. «Сиқырлы кітап» мультимедиасын тамашалайды. Артикуляциялық жаттығу: «Инеше» - ауызды кең ашық. Тілді жіңішкертіп, ауыздан шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек. «Үйшік» ертегісін сомдайды. Өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіреді және дәлелдейді. «Шиеленіскен жолдар» ойыны. Шарты: «Үйшік» ертегісінің кейіпкерлерін ретімен орналастырады. «Үйшік» ойыны. Шарты: бетперделерді тағып, ертегі кейіпкерлерін 4-5 сөйлеммен сипаттайды, үйшікке кіреді. «Balatili.kz» сайтындағы сергіту сәті. Қима суреттерден ертегі кейіпкерлерін құрастырып, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септейді. Жаңылтпаш: Қараңдаршы қанағатты! Қара лақты қаммапты. Қамқорлықпен қарамапты, Қаңғыртыпты қаралақты.
Рефлексивті түзетушілік	ҮІӨ сұрақ-жауап арқылы қорытындылау

Қазақ тілінен «Ботақан» ересек тобының циклограммасы 13.09.2023ж.	
ҰІӨ	Қазақ тілі
	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету. Сөздік қор: ағаш, қайың, қалың, емен, биік, жасыл
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, ағаштар
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Ғ әрпінің ойыны: суреттерді атап, көлеңкесін табады. «Сиқырлы кітап» дискті тамашалау, Ғ, Ө, Қ әрпінен басталатын сөздерді қайталайды. Тілдік жаттығу: Аш-аш-аш-жасыл ағаш Қ-қ-қ-қ-қалың Қ-қ-қ-қ-қайың Ө-ө-ө-ө-өседі «Жер» мультфильмі арқылы ағаштарды күтіп баптау керектігін түсінеді. Мазмұны бойынша сұрақ-жауап жүргізу. Ағаш түрлерімен таныстыру. «Шиеленіскен жолдар» ойыны. Шарты: ағаштарды атап жапырақтарымен сәйкестендіреді. Ненің жапырағы? Сұраққа толық жауап береді. «Тербеледі ағаштар» ақылды қаламның әнін тыңдап, қимыл-қозғалыс арқылы орындайды. «Wordwall» web service ойындары: Флэшкарталар бойынша ағаштарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды. «Ойлан, тап» жұмбақтардың шешуін табады. «Сәйкестендіру» ойыны. Шарты: ағаштардың бөліктерін сәйкестендіріп, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септейді. Шағын өлең жаттату: Ағаш емес, біліңдер, Асыл ана бұл тұрған. Толған сайын түйіндер Алма ағашы құлпырған. Әр түйіні, қарашы,

	Оған перзент-баладай. Онсыз алма ағашы Жалғыз басты анадай.
Рефлексивті түзетушілік	ҰІӨ сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

ҮІӨ	Қазақ тілі
	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Санамақтар, жаңылтпаштар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету. Сөздік қор: ағаш, ұя, құс, қайың, емен, терек, шырша
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, ағаштар
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Қ әрпінің ойыны: суреттерді атап, көлеңкесін табады. «Сықырлы кітап» дискті тамашалау; Қ, Ө әрпінен басталатын сөздерді қайталайды. Тілдік жаттығу: Қ-қ-қ-қ-қ-қалың Қ-қ-қ-қ-қ-қайың Артикуляциялық жаттығу: «Сағат» - тілді ауыз қуысынан шығарып жіңішкертіп ұстап, оңға, солға қимылдату керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталайды. «Табиғат дауысы» бейнематериал тамашалау. Мазмұны бойынша сұрақ-жауап жүргізу. Ағаш түрлерімен таныстыру. «Сәйкестендір» ойыны. Шарты: ағаштарды атап, жапырақтарымен сәйкестендіреді. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септейді. «Тербеледі ағаштар» ақылды қаламның әнін тыңдап, қимыл-қозғалыс арқылы орындайды. «Өз орныңды тап» ойыны. Шарты: суретке сәйкес 4-5 сөйлеммен сипаттап, шығыршыққа орналасады. Санамақ жаттату: Бір дегенім - бәйтерек, Екі дегенім- емен. Үш дегенім - үйеңкі, Төрт дегенім - тұт.

	Бес дегенім - беке (айва), Алты дегенім - арша. Жеті дегенім - жиде, Сегіз дегенім - сексеуіл. Тоғыз дегенім - тораңғы, Он дегенім - орман. Орман - аң-құстарға қорған.
Рефлексивті түзетушілік	ҰІӨ “Wordwall» web service арқылы қорытындылау.

ҮІӨ	Қазақ тілі
	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән ұ, қ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету. Сөздік қор: ағаш, жеміс ағашы, өрік, алма, алмұрт
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, ағаштар
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Қ, Ұ әрпінің ойыны: суреттерді атап, көлеңкесін табады. «Сиқырлы кітап» дискті тамашалау, Қ, Ұ әрпінен басталатын сөздерді қайталайды. Тілдік жаттығу: Қ-қ-қ-қ-қ-қалың Қ-қ-қ-қ-қ-қайың Ұ-ұ-ұ-ұ-ұ-алмұрт «Жеміс ағаштары» интерактивті ойын. Шарты: жемістерді 4-5 сөйлеммен сипаттап, тиісті ағашқа орналастырады. «Себетте не бар?» ойыны. Шарты: лупа арқылы себеттің ішіндегі жемісті атап, сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септейді. «Тербеледі ағаштар» ақылды қаламның әнін тыңдап, қимыл-қозғалыс арқылы орындайды. «Ләпбуктағы қызықтар» ойыны. Шарты: жемістерді қалташаларға орналастырып, құрдастарының әрекетін түсіндіред (заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттайды)
Рефлексивті түзетушілік	ҮІӨ “Learning apps» web - service арқылы қорытындылау.

ҮІӨ	Қазақ тілі
	Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән қ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Сөздік қор: ағаш, тауық, сиыр, тышқан, қыздар, мысық
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, ағаштар
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Мысық туралы жұмбақ жасыру. «Мақта қыз бен мысық» ертегі желісі бойынша интерактивті тақтада «Шиеленіскен жолдар» ойынын ұйымдастыру. Шарты: суреттерді атап, ретімен орналастырады. Кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіреді. Тілдік жаттығу: Қ-қ-қ-қ-қ-кішкентай мысық Ғ-ғ-ғ- ағаш Артикуляциялық жаттығу: «Ат шауып келеді» - ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру-айыру немесе таңдай қағады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің мазмұны бойынша етістіктің болымсыз түрін қолданады (сүтті төкпе, құйрығымды жұлма) «Мақта қыз бен мысық» ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытып, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіреді (қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді)
Рефлексивті түзетушілік	ҮІӨ “Learning apps1» web service арқылы қорытындылау.

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән і, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, бетперделер, Wordwall web-service
Мотивациялық-қозғаушылық	«Әдепті елдің баласы, Алдымен сәлем береді» Сәлем саған, Жер Ана! Сәлем саған нұрлы күн! Аман –есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Балаларға жұмбақ жасыру: <i>Ертегі көп ол жайлы, Жүрген жерін алдайды. Қатысы бар ал оған Білесің бе Мыршайды?</i>
Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік	Түлкі балаларға түрлі түсті шарлар үлестіреді. Шарлардың түстеріне қарай топтасады. Тіл ұстарту жаттығулары: <i>Кі-кі-кі - айлакер түлкі. Ү-ү-ү-ү-ү-қу түлкі.</i> <i>1 топ – «Түлкі мен тырна» ертегіні сомдау</i> (Ұжымдық әңгімеге қатысып, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, ертегі кейіпкерлері туралы өз ойын білдіреді).

	2 топ – «Wordwall web-service» арқылы сәйкестендіру ойыны. Аңдарды атап, етістіктің болымсыз түрін қолданады. 3 топ - «Үлестірмелі материалдар» (сурет бойынша хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдер құрастырады) Сергіту сәтінде «Көңіл-күй жақсы болса» әнін қимыл-қозғалыс арқылы орындау.
Рефлексивті түзетушілік	«Күлегештер» - 1. Бәрі тамаша! Өте қызықты болды! 2. Сұрақтарым бар. 3. Қиындау болды. Орнымыздан тұрайық, Жарты шеңбер құрайық. Кездескенше күн жақсы Сау саламат болайық.

ҰІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән қ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге үйрету.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, Activ Inspire бағдарламасы
Мотивациялық-қозғаушылық	«Күнге сәлем» Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	«Алма» ертегісін оқып беріп, кейіпкерлеріне жанашырлық танытып, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіреді. 1. «Сықырлы қоржын» ойыны. Шарты: «қоржыннан» ертегі кейіпкерлерін алып, ретімен орналастырып, етістіктің болымсыз түрін қолданады. 2. «Сықырлы лупа» ойыны. Шарты: себетте не бар екенін сықырлы лупа арқылы көреді. (етістіктің болымсыз түрін қолданады) 3. «Жасырынбақ» жасырынған заттарды табады (қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап береді).

Рефлексивті түзетушілік

Рефлексия	
	Түсіндім
	Маған көмек керек
	Түсінбедім

ҰІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ, ң, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, Activ Inspire бағдарламасы
Мотивациялық-қозғаушылық	«Күнге сәлем» Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Тілдік жаттығулар: і, ғ, ң, ү дыбыстары туралы мультимедианы тамашалайды. Артикуляциялық жаттығулар: «Сағат» - аузымызды ашып, тілімізді сыртқа шығарамыз. Тілдің ұшымен оңға, солға қозғалтады. Ақылды қаламның «Шырша» әнін тамашалайды: 1. «Ненің жапырағы?» ойыны. Шарты: ағаштар мен жапырақтарды сәйкестендіріп, бояп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді. 2. «Сикырлы лупа» ойыны. Шарты: ұяшықтарда не бар екенін сикырлы лупа арқылы көреді. (Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады) 3. «Көлеңкесін тап» дидактикалық ойыны.(ағаш түрлерін атап, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады).

Рефлексивті түзетушілік

Рефлексия	
	Түсіндім
	Маған көмек керек
	Түсінбедім

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ, ң, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен аңдардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, бетперделер, «бауырсақтар»
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	«Бауырсақ» ертегісін сомдау. «Кім жылдам?» ойыны. Шарты: «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін ретімен орналастыру. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымда жеткізеді. «Бауырсақ» ойыны. Шарты: тәрелкеге бауырсақтарды салып, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, ата мен әженің эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді. «Balatili.kz» сайтындағы сергіту сәті. Қима суреттерден ертегі кейіпкерлерін құрастырып, етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады.
Рефлексивті түзетушілік	ҮІӨ сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ, ң, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Құстардың дауысын тыңдап, балалармен жалпылама құстар туралы әңгіме жүргізіледі. Ақылды қалам қосылады. Қарлығаштың дауысы естіледі. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін тыңдайды. Жаңа сөздермен таныстыру. Сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтқызу. Дыбыстық жаттығу. Қ-қ-қ-қ-құс Ұ-ұ-ұ-ұ-құс І-і-і-і-і-үкі. Ғ- ғ-ғ-ға – қарға Қ-қ-қ-қ-қарлығаш Сергіту сәтінде «Қарлығаш» мультимедиасын тамашалау. Дидактикалық ойыны: «Не жоқ?» Шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір суретті жасырады, балалар не жоғын айтады; кейіпкерлердің

	бейнесін басқа қырынан көрсетуге тырысады. Топпен жұмыс: 1 топ – «Айналмалы шеңбер» ойыны. Шарты: шеңбердегі құстарды құрастырып, ертегі кейіпкерлерінің эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге тырысады. 2 топ – «Ойлан, тап» ойыны. Шарты: бөлшектерді тиісті орындарға орналастырып, суретті әңгімелейді. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады. 3 топ – «Құстарды тамақтандыр» ойыны. Шарты: құстарға жем бере отырып, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.
Рефлексивті түзетушілік	<i>Рефлексия «Жапалақ»</i> 

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ, н, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен аңдардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, Activ Inspire бағдарламасы, презентация, АКТ
Мотивациялық-қозғаушылық	Біз әдепті баламыз Айтқан тілді аламыз! Кездескенде апайлар Сәлемдесіп аламыз! Тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын ояту мақсатында аңдар туралы жұмбақтар жасыру. Дыбыстық жаттығу: Қ-Қ-Қ-Қ-дыбысын қайталау. Қо-қо-қо-бұл қоян Кі-кі-кі-кі-бұл түлкі. Ә-ә-ә-ә-батыл әтеш
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	1. «Пазл құрастыру» д/о. Шарты: пазл құрастырып, аңдар туралы айтады (Етістіктің болымсыз түрін қолданады) 2. «Сұлбасын тап» д/о. Шарты: сұлбаларды сәйкестендіріп, атап шығады. Кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді. 3. Сергіту сәтінде «Көлеңке» әнін қимыл-қозғалыс арқылы орындау. 4. «Бұл ненің дауысы?» д/о. Шарты: дауысын тыңдап, аңдарды атап, олардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге тырысады. 5. «Бұл қандай аң?» д/о. Шарты: қай аң жасырынғанын табады, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.

Рефлексивті түзетушілік	«Білім қоржыны». Шарты: жасыл асықтарды жасыл қоржынға, қызыл асықтарды - қызыл, сары асықтарды – сары қоржынға орналастыру. 1. Бәрі тамаша! Өте қызықты болды! 2. Сұрақтарым бар. 3. Қиындау болды.
------------------------------------	---

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ, ң, ү дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Құстардың дауысын тыңдап, балалармен жалпылама құстар туралы әңгіме жүргізіледі. Ақылды қалам қосылады. Торғайдың шырылы естіледі. – Балалар, бұл не? Жаңа сөздермен таныстыру. – Бұл – бұлбұл. бұл-бұл. – Бұлбұл – құс. Сөздерді, сөйлемдерді жеке, хормен айтқызу. Дыбыстық жаттығу. Қ-қ-қ-қ-құс Ұ-ұ-ұ-құс Ұ-ұ-ұ-ұ-бұлбұл Ғ- ғ-ғ-ға - қарға, қарға, қарғалар, «Қарқ-қарқ», – дер қарғалар. Ұ-ұ-ұ- күүүс – құс. Артикуляциялық жаттығу: «Пілдің тұмсығы мен тіс» - ернімізді біріктіріп алдыға қарай қатты созады, содан соң тістерімізді көрсетіп жымып күлеміз. Сергіту сәті.

	Торғай, торғай, торғайсың Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тойып ал, Сонда торғай тоңбайсың. Дидактикалық ойыны: «Не жоқ?» Шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір суретті жасырады, балалар не жоғын айтады: қарға жоқ. Торғай жоқ (Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады). Топпен жұмыс: 1 топ – «Айналмалы шеңбер» ойыны. Шарты: шеңбердегі құстарды құрастырып, атайды, сөйлем құрастырады. 2 топ – «Ойлан, тап» ойыны. Шарты: бөлшектерді тиісті орындарға орналастырып, суретті әңгімелейді. 3 топ – «Сурет құрастыр» ойыны. Шарты: қима суреттерді құрастырып, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.
Рефлексивті түзетушілік	 РЕФЛЕКСИЯ

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ң, ү, қ, һ, ө, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру. Сөздік қор: тышқан, үйшік, аю, бақа, түлкі, қасқыр, қоян
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, бетперделер
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем!» әнін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Қазақ тіліне тән ү, қ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде қайталап айтады. «Үйшік» ертегісін сомдау. «Тізбектелген жол» ойыны. Шарты: «Үйшік» ертегісінің кейіпкерлерін ретімен орналастырып, мазмұны бойынша әңгімелеседі. «Үйшік» ойыны. Шарты: бетперделерді тағып, шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар айтып, үйшікке кіреді. «Balatili.kz» сайтындағы сергіту сәті. Қима суреттерден ертегі кейіпкерлерін құрастырып, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырады.
Рефлексивті түзетушілік	ҮІӨ сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.


ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ң, ү, қ, һ, ө, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ
Мотивациялық-қозғаушылық	Ән салуға барамыз, (шеңбер бойлай жүреді) Досымызды табамыз. (тоқтайды) Сәлемет пе! Міне мен! (қолдарын екі жаққа сермейді) Доспын енді сенімен! (көршілерімен қол алысады) «Жүрек жылуын досымызға сыйлайық!» ойыны. Шарты: балалар жүректер бойынша топтасады. Ақылды қаламмен кездесу.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	«Аппак, аппак, бәрі аппак» өлеңін жаттау. Қыс мезгілі туралы ақылды қалам арқылы жаңа сөздермен таныстыру (қыс мезгіліне қатысты сөздерді меңгерту). Дыбыстық жаттығулар жасау. Қ-қ-қ-қ-қыс келді. Ық-ық-ық-күн суық т.б. Ақ-ақ-ақ-аққала

	Сергіту сәтінде «Қандай суық қыс деген» әнін орындау. Топтық жұмыс: 1 топ - «Неше ұлпақар?» ойынының шарты: жасырынған ұлпақарларды санайды. 2 топ - «Қар тазалау» ойыны. Шарты: аққаланың сыпырғышымен «қарды сыпырып», сөйлем құрастырады. «Қарды не үшін тазалау керек?» өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен айтады. 3 топ – «Аққала жасау» ойыны. Шарты: айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы талқылап, аққала құрастырады.
Рефлексивті түзетушілік	«Аққала» әдісі. Шарты: әр шеңберге стикерларды орналастырады: 1. Керемет! 2. Жақсы. 3. Қиындау болды.

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ң, ү, қ, һ, ө, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі материалдар, презентация, АКТ, робот Ботлик
Мотивациялық-қозғаушылық	Ән салуға барамыз, (шеңбер бойлай жүреді) Досымызды табамыз. (тоқтайды) Сәлемет пе! Міне мен! (қолдарын екі жаққа сермейді) Доспын енді сенімен! (көршілерімен қол алысады) «Жүрек жылуын досымызға сыйлайық!» ойыны. Шарты: балалар жүректер бойынша топтасады. Ақылды қаламмен кездесу.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	«Аппақ, аппақ, бәрі аппақ» өлеңін жаттау. Қыс мезгілі туралы ақылды қалам арқылы жаңа сөздермен таныстыру (қысқы еңбекке қатысты сөздерді меңгерту). Дыбыстық жаттығулар жасау. Қ-қ-қ-қ-қыс келді. Ық-ық-ық-күн суық т.б. Сергіту сәтінде «Қандай суық қыс деген» әнін орындау. Топтық жұмыс: 1 топ - «Қыс мезгілі» ләпбуктың қалташаларындағы суреттер бойынша айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар турады әңгімелейді. 2 топ - «Қар тазалау» ойыны. Шарты: аққаланың сыпырғышымен «қарды сыпырып», сөйлем құрастырады. Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құру.

	3 топ - «Кім жылдам?» ойыны. Шарты: қысқы еңбек, табиғат құбылыстары туралы қысқа мәтін құрастырып, суреттерді топтастырады. (өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен айтады). 4 топ – «Робот Ботлик» ойыны. Шарты: робот Ботликпен бірге пазл құрастырып, шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтып, жұмбақтардың шешуін табады.
Рефлексивті түзетушілік	«Аққала» әдісі. Шарты: әр шеңберге стикерларды орналастырады: 1. Керемет! 2. Жақсы. 3. Қиындау болды.

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ң, ү, қ, һ, ө, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру. Сөздік қор: жеті түсті гүл, қыс, суық, аяз, қар, аппақ, аққала, боран
Ресурстар	Тақырыптық суреттер, дамытушылық ойындар, АКТ, ақылды қалам
Мотивациялық-қозғаушылық	Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желге ырғалып шайқалған.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Жеті түсті гүлдің тапсырмалары: 1 қызыл түс – Тыныс алу жаттығулары: «Гүлді иіскейік» (мұрынмен тыныс алып, ауызбен тыныс шығарады) 2 көк түс - қыс бейнематериал тамашалайды. Мазмұны бойынша сұрақ-жауап жүргізіледі. 3 ақ түс – «Қыс» кластер. Шарты: постерге қыс туралы суреттерді орналастырады (Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрады) 4 көгілдір түс – Сергіту сәтінде «Қандай суық қыс деген» әнін тамашалайды. 5 сары түс – «Ойлан, тап» қыс туралы ақылды қаламның жұмбақтары. 6 жасыл түс – «Мен үздік кейіпкермін» ойыны. Шарты: қыс мезгілінің суреттері үлестіріледі. Суретке сәйкес жарнама жасайды. Өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен білдіреді.
Рефлексивті түзетушілік	7 күлгін түс - Рефлексия «Түрлі түсті гүлдер»



ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Сөздік қор: ертегі, бауырсақ, қоян, аю, түлкі, ата, әже, қасқыр
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, презентация «Ертегілер», АКТ, үлестірмелі материалдар, бетперделер
Мотивациялық-қозғаушылық	«Сәлем» әнін орындау.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Бейнефильм тамашалау: Ертегілер әлемімен таныстырады. Дыбыстық жаттығулар («Сиқырлы кітап» диск ө, қ, ү) «Қандай ертегі?» ойыны. Шарты: ертегі кейіпкерлерін орналастырып, «Бұл не?» сұраққа жауап береді. «Теледидар» ойыны. Шарты: 1 топ - «теледидарда» балалар кейіпкерлерді сомдайды, 2 топ - құрдастарының әрекетін түсіндіреді. «Дұрыс па, бұрыс па» ойыны. Шарты: балалар кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы өз ойларын айтады. Бір-біріне неге? не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қояды. «Бауырсақ» өлеңін жаттату: Апам мені пісірген, Қызыл күрен бауырсақ. Шықпай қояр түсіннен, Біраз жемей сағынсақ.
Рефлексивті түзетушілік	



Рефлексия «Күлегештер»

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Сөздік қор: үй жануарлары, сиыр, жылқы, түйе, шұбат
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірме карточкалар, АКТ, робот Ботлик
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	«Үй жануарлары» бейнематериал көрсетіп, мазмұны бойынша сұрақ-жауап жүргізу. Фонетикалық жаттығу: -сақ –сақ –сақ – бауырсақ -қы-қы-қы-жылқы -кі-кі-кі-ешкі Үй жануарларының пайдасы туралы «Синквейн» әдісі. Шарты: сиыр қандай? Не береді? Сүттен не жасайды? Сиыр деген не? Алгоритм бойынша синквейн құру. Сергіту сәтінде «Құлыншақ» өлеңін қимыл-қозғалыс арқылы орындайды. «Малды тамақтандыру» ойыны. Шарты: малға шөп бере отырып, жалпы пайдасы туралы айтады. «Бұл не?» ойыны. Шарты: «Wordwall» web-service арқылы шеңберді айналдырып, суретке сәйкес төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауын айтады. «Құлыншақ» ойыны. Шарты: «Құлыншақ боп шабамын, Аялаға барамын» құлыншақ кімге шауып барса, төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын айтады. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қояды.

	«Төрт түлік» өлеңін жаттату. Робот Ботликтің кілемшесіндегі үй жануарларын атайды. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қойып, үй жануарларының пайдасы туралы айтады.
Рефлексивті түзетушілік	Рефлексия «Текше» Текшенің әр қырындағы суреттерді атайды.

ҰІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Сөздер: Аяз Ата, Ақшақар, шырша, сыйлық.
Ресурстар	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	Достар, бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер.

Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалармен жаң жыл туралы әңгімелесу. «Ғажайып сәт» ойыны. Аяз ата мен Ақшақар қонақта. Жаңа сөздермен таныстыру. Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен білдіреді. Дыбыстық жаттығу Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық. Сергіту сәті: Педагог ортаға шыршаны қойып, балалар шыршаны айнала ән айтады. «Жаңа жыл» әні. Жаңа жыл, жаңа жыл! Жаңа жылда жаңа жыр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. «Шыршаны безендіру» ойыны. Шарты: ойыншықтарды алып, шыршаға орналастырып, бір-біріне неге? не үшін? деген сұрақтар қояды. «Сиқырлы кітап» ойыны. Шарты: кітаптың беттеріндегі тапсырмаларды орындау, шырша мерекесі туралы айтады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен білдіреді. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтар қояды.
Рефлексивті түзетушілік	

ҮІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Сөздік қор: үй жануарлары, сиыр, жылқы, түйе, қой, ешкі, лақ, бота, бұзау, құлын, қозы, төлдер
Ресурстар	Тақырыптық суреттер, слайд, Activ Inspire бағдарламасы, «Learning app» web-service
Мотивациялық-қозғаушылық	Біз әдепті баламыз Жайнай берсін даламыз Табиғатты сүйеміз Құлыншақтың кісінеген дауысы естіледі экраннан.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	«Бұл ненің дауысы?» Activ Inspire бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдаланып, жұмбақтардың шешуін табады. «Контейнер» әдісі арқылы төлдерді топтастырып, өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. «Не жасырынған?» ойыны. Шарты: сұрақтарға толық жауап беріп, жасырынған төлдерді атайды. Сергіту сәті. «Құлыншақ боп шабамын, бәрін біліп аламын!» ойыны. Шарты: ішкі шеңберде –қыздар, сыртқы шеңберде – ұлдар. Санамақ аяқталған кезде бір-біріне неге? не үшін? Деген сұрақтар қойып, жауап береді. «Дауысынан ажырат» ойыны. Шарты: төлдердің дауысын тыңдап, атайды. «Контейнер» әдісі. Шарты: қызыл түске – төлдерін, жасыл түске –үй жануарларын орналастырады. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қойып, өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. «Малды тамақтандыру» ойыны. Шарты: малға жем беріп, шағын өлең шумақтарын айтады.

Рефлексивті түзетушілік	«Learning app» web-service арқылы ҰІӨ қорытындылау.
-------------------------	---

Қазақ тілінен «Ботақан» ересек тобының циклограммасы 31.01.2024ж.

ҰІӨ	Қазақ тілі
Міндеті	Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату. Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету. Сөздік қор: үй жануарлары, сиыр, жылқы, түйе, қой, ешкі, лақ, бота, бұзау, құлын, қозы, төлдер
Ресурстар	Тақырыптық суреттер, слайд, Робот Ботлик, «Learning app» web-service
Мотивациялық-қозғаушылық	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар!
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Робот Ботликпен жайлауға саяхат: «Ғажайып кілемше» әдісі арқылы төлдерді атап, өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. «Текше» ойыны. Шарты: текшенің қырындағы сұрақтарға толық жауап беріп, жасырынған жануарды атайды. Сергіту сәті. «Құлыншақ боп шабамын, бәрін біліп аламын!» ойыны. Шарты: ішкі шеңберде –қыздар, сыртқы шеңберде – ұлдар. Санамақ аяқталған кезде отбасы туралы әңгімелеп береді. «Дауысынан ажырат» ойыны. Шарты: төлдердің дауысын тыңдап, атайды.

